

Ыбырай Алтынсариннің өз халқын оқу-білімге, өнерге шақыруы, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеуметтік өмірдегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның шығармашылығының халықтық жағы болып саналса, сонымен бірге қазақтың қазіргі проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушылардың бірі болып табылады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин жазба әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып отыр. Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен-бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушы-

ның биік адамгершілік қасиетін, азаматтық ұлы тұлғасын көруге болады.

Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің "XVIII- XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті" деген ғылыми-зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор», - деп баға береді [2,71].

1. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. - Алматы, 1943ж. – 266б., 81б.

2. Қажым Жұмалиев. «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті». – Алматы, 1967ж. – 62б., 71б.

К. Насихатқызы

ҚАЗАҚ КЕЛІНДЕРІНІҢ АТ ТЕРГЕУІ

Қазақ келіндерінің айтулы жосыны ат тергеу. Халқымыздың ғұрып әдеті бойынша келін күйеуінің туыстарының атын ешқашан атамайды. Оларға өз қалауымен ерекшеліктеріне қарай жанама ат қояды. Ат тергеуде келінің көрегендігі, тапқырлығы мен ой ұшқырлығының тәрбиелігінің алатын орны мәнмұндалап тұрады әрине мұндағы тергеу сөздер ұнасымды, жағымды, үйлесімді болуы қажет. Мұның өзі ұлттық әдет ғұрпымызда басқалармен қарым қатынас жасағанда силастықтың, тәрбиеліктің айырқша үлгісі.

Жас келін өз ауылындағы абысын-ажындары арасында ауылдың ақсақалдарымен әжелеріне айрандай ұйып, тату тәтті, ынтымақты берекелі болып өнеге таратуы керек. Қазақта «ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» дегеннің тәрбиелік маңызыаса зор. Келіннің қолданатын тергеу сөздері туысқаншылық, сыйластық жолына және жас ерекшеліктеріне, ер-әйел парқына қарай айтылуы ұқсамайды. Жасы үлкен немесе жасы кіші ер адамдарға айтылатын рулас, аталас ағайындарға айтылатын. Аналарға, қыздарға айтылатын тергеу сөздерде бір-бірінен парықты болады.

Жасы үлкен ер адамдарды құрметтеу ретінде айтылатын тергеу сөздерінде өзіндік ерекшеліктері болады ол негізінен келіннің салыт-дәстүрді ұстана білу өнеріне және туыстық қарым-қатынас байланысының алыс жақындығы мен тікелей байланысты. Қарым-қатынас

барысында келін болып түскен босағадағы қайын Ата, қайын Ене, қайын ағалар, қайындар, қайын сіңілілерінің атын атау үлкен әдепсіздік және ежелден қалыптасқан салыт дәстүрді құрметтегендік болып болып саналған, сондықтан қазақ келіндерінің тергейтін, баламалап қойатын аттарының тілдік қорыда барынша мол болған. Мысалы: үлкен аталарын «бій ата, жақсы ата» десе, әжелеін «әз апа, әже» деген. Ал атасын «Ата» десе, оның Ағасын, інілерін «үлкен Ата, кіші Ата, ортаншы Ата» деген, қайын ағалырын «үлкен аға, кіші аға, ортаншы аға, көке, ағакем» қатарлы құрметты аттармен атаған. Осылай әрқайсыларының жолына, жасына, жеке басының ерекшеліктеріне қарай атаған, қайын інілері болса оларды «кенжем, тентегім, еркем» деп атаса, олардың ерекшеліктеріне қарай «сал жігіт, молла жігіт, мырза жігіт, сұлтан жігіт» деп тергеген. Ал қайын сіңілілерін «сұлуым, шырайлым, әппағым, күнішым» деп силаған.

Біз мұнан қазақ әйелдерінің қоғамдық ортадағы, туыстық қарым қатынас барысындағы орнын маңызын танып жетеміз. Қазақ келіндері бір руға жататын, не бір атаның ұрпақтарынан құралатын ауылдың қарттаының, рулас ағайындарының есімдерін атауға болмайды. Халық дәстүрі бойынша келіндер, ауылдағы қарыт кісілермен қайын ағаларының атын атамау үшін сол адамның атына жуық, басқа баламаларды тауып қойған. Мысалы: қасқырбайды-бөрі Ата,

қазыбайды-топ Ата деп атайды. Жалпы алғанда рулас, аталас ағайындарда айтылатын тергеу сөздердің тәрбиелік қуаты аса зор.

Келіндердің жасы үлкен ер адамдараға тіл қату барысында қолданылатын тапқырлыққа толы сөздеріде өте көп, атын атамайтын адамдардың аттары Сарыбай, сұлушаш, бүркітбай, биеке болса, мұндайда келіндер сары дегенді шикіл дейді, сұлуды-әдемі, бүркітті-қыран құс, биені-сауар деп өзгертіп айтады. Кейде аттарын атмайтын бөтен адамдардың атында өзгертіп айтады, мысалы: мәмбетті-сәмбет, әліні-сәлі, ақыметті-сақымет деп келіндер түскен ауылын, шаырағын силауы текғана кісі есімдерін атаумен ғана шектелмей, жердің, көлдің аттарында атамау арқылы келіндерге жалпы Елмен жер аты егіз ұғымды, қастерлеп, құрметтейтінінде атап көрсетеді. Жоғарыда келіндердің қайын ағаларына, қайындарына қойған атауларын саралай келе мынадай жәйтке көз жеткізуге болады. Жас келіндердің тапқырлық танытып, екінші адамнан болмыс бітіміне лайық қойылуына, әр қайсыларының өзіндік ерекшелігіне, ажар бітіміне қарай сөз сараптау үлгілері, өнері, қоғамдық қызметі тағы басқа қасиеттері арқау болатындығын аңғаруға болады. Жалпы алғанда келіннің өзі түскен ауыл-аймақтағы өзінен жасы үлкендердің аттарын атамай силауы бекер емес, оның түп негізі отбасын, ауыл-аймағын силау арқылы дүйім ел-жұртты қастерлеп қасиет тұтқандығы болып табылады.

Қазақ келіндерінің тап бермеде тауып айытқан тергеу сөздері, кісіні қайран қалтырарлық, тапқырлық, шешендік сөздері жәйлі бір неше мысал келтірер болсақ, ертеде бір шаңырақтың қасқырбай, қамысбай, қайрақбай, қойшыбай, өзенбай, пышақбай деген ата бабалары болыпты, соны білетін бір күтікеш қойшы жігіт сол үйдің жаңа түскен жас келінін сынамақшы болып, бір күні үйге қарай ентіге жүгіріп жеткен қойшы жас келінге «өзеннің әрғы жағында, қамыстың бергі жағында, қойды қасқыр жеп жатыр пышақты қайраққа қайрап әкелсін де» депті. Мұны естіген келін атасы мен үйіндегілерге «сарқыраманың арғы жағында, сылдыра-

маның бергі жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр, жаныманы білемеге білеп-білеп ала жүрсін деді» депті. Бұнда жас келіннің тап бермеде сөз тапқыш шешендігі аңғарылады.

Жоғарыда келтірілген жарасымды есімдерден үлкендерге деген сый-құрмет, нәзік сыпайылық, ықыласты ілтипат, кішіге деген ізгілікті ізет, қалытқысыз жақындық лебінің иісі аңқып тұрады. Осындай жана таза, жарқын жеңгеге ауыл адамдарының да, әсіресе қайын іні, қайын сіңілілерінің де сый-құрметі ерекше болмақ, оларда жеңгелерін құрметтеп, көбінесе өз атымен атамай ақ жеңеше атандырып кете беретіндеріде болады.

Қазақ әйелдері тіпті жұбайларының атында тектеп атамай «отағасы, әкесі» немесе тұңғыш баласының есіміне қосақтап атайды. Өмірдің ашшы-тұшшысын бірге татып, өмір бойы отасқан шалдарын «сіз, біз» деп өткен шешелеріміз өте ибалы еді. Қазақ әйелдері жұбайының құрбы құрдастарын тіке атамайды, «құрдас, қылжақбас» сияқты аттармен баламалайды. Жақын туыстарымен аттас бөгіде адамдардың есімін атаудан именіп «жақсы аға аттас, жуас аға аттас, аты теріс кісі» деген тәрізді баламалармен атаған, жеті атадан бергі ру аттарында тергеп баламамен атаған, оған жуық келетін сөздердің бәрін бұрмалап айытқан.

Қазақ келіндерінің жол-жосыны өте көп, айта берсек жол-жосын, жоралардың барлығыда келіндердің кейінгі ұрпақтарға болған адамгершілік, тәрбиелік қасиеті. Атам заманнан жалғасып ар ұжданымызға ұйалаған, қанымызға сіңген қастерлі қазақ салтын ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мұра ретінде соңғыға қалдыру бәріміздің борышымыз, әсіресе семиа тұтқасы – ұрпаққа тәрбиеші, Анаға бұлжымас борыш.

1. Қазақ халқы және оның салыт-санасы. ШҰАР халық баспасы.

2. Қазақ мәдениетінің айдыны. ШҰАР жастар-өрендер баспасы.

В статье рассказывается об обряде расспрашивания о происхождении у казахских невест.

About questioning the origin of Kazakh daughter in law.